

Қызылорда облысының
қаржы басқармасының
2021 жылғы «__» _____
№__ бұйрығымен бекітілген

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме «Облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қаңтардағы № 180 қаулысына сәйкес қайта аталды.

4. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) атынан мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы ретінде әрекет етеді.

5. Мемлекеттік мекеменің уәкілетті органы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы), сондай-ақ мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы:

- мемлекеттік тілде: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Санаторное ясли-сад № 7 «Балдырған» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области».

Сегізаш

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, индексі 120400, Әйтеке би кенті, Сәбит Мұқанов көшесі, № 54.

8. Мемлекеттік мекеме мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органы, мемлекеттік мекеме мен тиісті саланың уәкілетті органы, мемлекеттік мекеме әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ, оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаты бір жастан бастап алты (жеті) жасқа дейінгі балалар ауруларының диагнозына байланысты дәрілік және физиотерапиялық емдеуді, шынықтыруды, емдік дене шынықтыруды және массажды жүргізу болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме – әлсіреген, жиі және ұзақ ауыратын мектеп жасына дейінгі бір жастан алты (жеті) жастағы балаларға арналған емдеу-алдын алу, сауықтыру бағдарламаларына сәйкес қызметті жүзеге асыратын санаторлық бөбекжай-балабақша түріндегі мектепке дейінгі ұйым болып табылады.

15. Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

- 1) балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

Сейдімбетов

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Арал ауданаралық әділет басқармасы
республикалық мемлекеттік мекемесі

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

4) азаматтылықты, қазақстандық отансүйгіштікті, адамқұқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

16. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;

2) Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілетін дамыту;

3) Мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;

4) Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

5) Бес (алты) жастағы балаларды мектепалды даярлаумен қамтамасыз ету;

6) Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау;

7) Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмекті ұйымдастыру.


17. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

18. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының заңдарында шектелген немесе құрылтай құжаттарында не басшының (меңгерушінің) жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

19. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:



1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп беру жөнінде ұсыныс береді;

2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме басшысының (директорының) құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

8) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

9) Құрылтайшыға мемлекеттік мекеме жарғысын бекітуге, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсынады;

10) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекеме басшысы (меңгерушісі) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы (меңгерушісі) мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы (меңгерушісі) дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

24. Мемлекеттік мекеме басшысының (меңгерушісінің) мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

25. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеме басшысы (меңгерушісі) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

Қызылорда облысының Әділет департаменті
Арал ауданаралық әділет басқармасы
республикалық мемлекеттік мекемесі

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іс-сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;
- 12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілікте болады;
- 13) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастыру

26. Мемлекеттік мекемеге әлсіреген, жиі және ұзақ ауыратын мектеп жасына дейінгі бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балалар қабылданады және балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

27. Мемлекеттік мекемеге балаларды қабылдау тәртібі уәкілетті органмен және денсаулық сақтау органдарымен, сондай-ақ туберкулезге қарсы диспансердегі балалар бөлімімен ұйымдастырылады.

28. Балаларды қабылдау үшін қажетті құжаттар:

- 1) қалалық (аудандық) Басқару органы, ауылдық жерде - әкімдік берген жолдама;
- 2) баланың денсаулық паспорты;
- 3) эпидемиялық ортасы туралы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтен анықтама.

Мемлекеттік мекемеге қабылдау үшін өтініштерді есепке алу тәртібін, жолдамаларды рәсімдеу мен беруді уәкілетті орган анықтайды.

29. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

Мектепке дейінгі ұйым топтарының толымдылығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1684 қауымымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне

республикалық мемлекеттік мекемесі

Жуаш

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік мекемеге баланы қабылдау үшін кіру жарналары, сондай-ақ бала мектепке дейінгі ұйымда ұзақ мерзімде болмаған немесе қатыспаған жағдайда орынды сақтау үшін төлемақы алынбайды.

31. Басшы (менгеруші) баланы мемлекеттік мекемеден (бөбекжайдан) мынадай:

1) баланы ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақытылы төленбеген (төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);

2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

3) дәрігерлік бақылау комиссиясы анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысы болған жағдайларда шығарады.

32. Баланы күтіп-бағу үшін ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері баланың жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды.

33. Мемлекеттік мекеменің басшысы (менгерушісі) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылатын функцияларды орындамағаны;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны;

4) тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау үшін;

5) қаржы шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттардың мақсатты пайдаланылмағаны үшін;

6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады.

6. Мемлекеттік мекемедегі тәрбиелеу-білім беру процесі

34. Мемлекеттік мекемедегі тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің жарғысымен айқындалады.

35. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

36. Мемлекеттік мекеменің педагогикалық қызметпен айналысуға білімі және біліктілігінің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар мен расталған педагогикалық білімі бар (техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі) адамдар жіберіледі.

«Қазақстан Республикасы Өділет министрлігі
Арал ауданы аралық өділет басқармасы»
республикалық мемлекеттік мекемесі

Мұхаммед

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

Педагогикалық қызметке соттың үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар тұлғалар жіберілмейді.

37. Мемлекеттік мекеме педагогтары тиімді тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында балама авторлық бағдарламаларды дербес таңдайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

38. Мемлекеттік мекеменің (бөбекжайдың) тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың ынтымақтастығы, өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып құрылады.

39. Мемлекеттік мекеме мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мемлекеттік мекемеге (бөбекжайға) қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де шарттар айқындалады.

40. Мемлекеттік мекеме:

- 1) өз жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын;
- 2) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;
- 4) педагогикалық процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

41. Топта тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және мынадай режимде қызмет етеді:

- 1) тәулік бойы болу.

42. Мемлекеттік мекемеде тәрбиеленушілердің мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

7. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

43. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшадай кірістерді қоса алғанда);

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Арал ауданаралық әділет басқармасы»
республикалық мемлекеттік мекемесі

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

44. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

45. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе онда білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

46. Мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті бюджеттен қаржыландырылады.

47. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

48. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

8. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

49. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

Мекеменің жұмыс режимі: 5 күндік дүйсенбі - жұма аралығы (ауысымдық жұмыс).

Жұмыс уақыты: 09.00 - 19.00-ге дейін (тәулік бойы ауысымдық жұмыс).

Демалыс күндері: сенбі, жексенбі (ауысымдық жұмыс).

9. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

50. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының бұйрығы бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақтық тіркеу органдарында тіркеледі.

10. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

51. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

52. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

53. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Қызылорда облысының Әділет департаменті
Ақсау ақпараттық әріптес басқармасы
республикалық мемлекеттік мекемесі

Мурсалова Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

54. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган қайта бөледі.

55. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

11. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

56. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Мемлекеттік мекеменің
меңгерушісі



(қолы)

Т.А.Ә.

Т.А.Ә.

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Қызылорда облысының Әділет департаменті
Арал ауданаралық әділет басқармасы»
республикалық мемлекеттік мекемесі

Жарғы (ереже) ТЕКСЕРІЛДІ

